

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН
әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университетінің
оқу жұмысы жөніндегі проректоры
Д.Ж.Ахмед-Заки
« ____ » _____ 2014 ж.

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының аға оқытушысының

ҚЫЗМЕТТІК НҮСҚАУЛЫҒЫ

ҚН ҚАЗҰУ 18-06-06

Көшірме	Код	Басылым ы	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	ҚН ҚАЗҰУ 18-06-06	Төртінші	Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті деканы Ө. Әбдиманұлы	Академиялық мәселелер жөніндегі Департамент директоры Хикметов А.Қ.	Құқықтық жұмыс және әскери жұмылдыруды камтамасыз ету басқармасының бастығы Құрманалиев Б.О.
			Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының меңгерушісі А. Темірболат	Рейтинг және сапаны басқару жөніндегі бөлімінің басшысы Ергөбек Ш.Қ.	Кадр және мұрағат істері басқармасының басшысы Мадиярова А.С.

Алматы, 2014

	ҚазҰУ	Мерзімі: 2014	Басылым: төртінші
	Аға оқытушының қызметтік нұсқаулығы	ҚН ҚазҰУ 18-06-06	2 де 4 бет.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Кафедра аға оқытушысы қызметке жеке еңбек келісімшартына сәйкес, кафедра меңгерушісі мен факультет деканының ұсынысымен университет бұйрығы бойынша тағайындалады, ауыстырылады және жұмыстан босатылады.

1.2. Аға оқытушы тікелей кафедра меңгерушісіне бағынады және тиісті жағдайда факультет деканының өкімдері мен нұсқауларын орындайды.

1.3. Аға оқытушы өз қызметінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын, «Кафедра туралы ережені» және осы нұсқаулықты, Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған процедураларын және т.б. басшылыққа алады.

1. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

2.1. Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі кемінде 3 жыл, оның ішінде аға оқытушы лауазымында кемінде бір жыл болуы тиіс.

2.2. Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын және басқа да білім беру жүйесінің қызметі мен дамуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерін; өз мамандығы бойынша оқу-ғылыми пәндерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі нысандары мен әдістерін; экономика негіздерін, еңбек заңдарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

3. ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ

Жетекшілік ететін пәндері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырады және өткізеді.

3.1. Кафедрадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бағытына қатысады.

3.2. Барлық жұмыс түрлерін жүргізеді. Ассистенттер мен оқытушылар жүргізетін сабақтардың сапасына бақылау жасайды. Оқитын пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын жасайды. Оқитын пәндері және жекелеген оқу сабақтары, оқу жұмыстары бойынша әдістемелік қамтамасыз ету үшін еңбектер жинақтайды және әзірлейді.

3.3. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады. Оқитын пәндері немесе жекелеген оқу бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарына басшылық жасайды.

3.4. Ассистенттер мен оқытушыларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.

	ҚазҰУ	Мерзімі: 2014	Басылуы: төртінші
	Кафедра аға оқытушысының қызметтік нұсқаулығы	ҚН ҚазҰУ 18-06-06	3 те 4 бет.

3.5.Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмыстарына қатысады.

3.6.Мектеп оқушыларына кафедрадағы мамандықтар бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарына қатысады.

3.7.Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық білімдерді насихаттауға қатысады.

3.8. Сабақтарды, зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды өткізуде студенттер мен кафедра оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Студенттерді тәрбиелеу жұмыстарына қатысады.

3.9.Кафедрадағы оқулықтар, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар, жұмыс бағдарламалары және басқа да оқу-әдістемелік жұмыстардың түрлерін дайындауға қатысады. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады.

3.10. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

3.11. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың корпоративті мәдени Кодекс ұстанымдарын сақтауға міндетті.

4. ҚҰҚЫҒЫ

4.1. Факультет, университет әкімшілігіне кәсіби деңгейде жұмыс істеуге қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету мәселелерін қою.

4.2. Оқу үдерісін, халықаралық байланыстарды жүзеге асыруды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізу.

4.3. Кафедраның оқу, әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және тәрбие қызметін қалыптастыруға, кафедра пәндерінің тақырыбы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысу.

4.4. Белгіленген тәртіпке сәйкес халықаралық, республикалық, университеттік және факультеттік ғылыми, әдістемелік съездер, конференциялар, кеңестер, семинарлар жұмыстарына қатысу.

4.5. Өзінің негізгі жұмысына зиян келтірмей қосымша қызметтегі еңбек әрекетін іске асыру.

4.6. Еңбек туралы заңдарда көрсетілген тәртіп бойынша өз жеке еңбек келісімшартын толықтыру, өзгерту және бұзу.

4.7. Тәжірибе жинақтау (стажировка) жолымен (оның ішінде шет елдің) алдыңғы қатарлы оқу орындарынан, мемлекеттік мекемелерден және басқа да ұйымдардан өту арқылы өз кәсіби біліктілігін арттыру.

4.8. Заңда белгіленген тәртіппен өз кәсіби ар-ожданы мен намысын қорғау.

4.9. Материалдық активтер түріндегі (ғылыми, әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету, білім беру технологиясы және т.б.) өз зияткерлік меншігінің құқығын қорғау.

4.10. Факультет, университет әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым білдіру.

4.11.Педагогикалық, ғылыми және тәрбие жұмыстарындағы табыстары үшін ынталандыру (материалдық және моральдық түрде) алу.

4.12.Кафедра, факультет, университет қызметіне байланысты мәселелерді талқылауға қою.

	ҚазҰУ	Мерзімі: 2014	Басылуы: төртінші
	Кафедра аға оқытушысының қызметтік нұсқаулығы	ҚН ҚазҰУ 18-06-06	4 те 4 бет.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Аға оқытушы оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие әрекеттеріне толық жауап береді.

5.2. Аға оқытушы кафедрада еңбек тәртібінің, педагогикалық этика нормаларының факультет пен университеттің ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуына жауапты.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

Бисенбаев П.Қ. _____

Шортанбаев Ш.А. _____

Солтанаева Е. _____